

СӨЙЛЕМ ҚҰРЫЛЫМДЫ ЕСІМДІ ТҮРАҚТЫ ТІРКЕСТЕР

Қазақ тіл білімінің синтаксис саласын дамытуда А. Байтұрысынұлы, Қ. Жұбанов, С. Аманжолов, Н. Сауранбаев, М. Балақаев, Х. Басымов, С. Жиенбаев, Т. Қордабаев, С. Исаев, Қ. Есенов, Р. Әмір, Т. Сайрамбаев, М. Серғалиев, Б. Шалабай, Б. Сағындықұлы сияқты ғалымдар көп үлестерін косты. Осы ғалымдардың өз кезегінде сөз тіркесі, жай сөйлем және құрмалас сөйлем синтаксисінің қалыптасуына әсері мол.

Қазақ тіл білімінде синтаксис саласы орыс, үндіеуropa тілдеріне қарағанда кешеуілдеу зерттелді. Соның ішінде әлем тіл білімінде алдымен сөйлем синтаксисі, кейінірек сөз тіркесі синтаксисі қалыптасты. Қазақ тіл білімінде де сөйлем синтаксисіне қарағанда сөз тіркестерін зерттеу кейінгі жылдардың жемісі. Оның өзінде де еркін сөз тіркестері зерттеу нысаны болды. Біз бұл жұмысымызда есім сөз таптарынан жасалған тұрақты тіркестердің синтаксистік ерекшеліктерін қарастырмакпзыз.

Жай сөйлем түріндегі тұрақты тіркестерді қарастырmas бұрын оның кейбір өзіндік ерекшеліктеріне тоқтала кеткен жән. Әсіресе, сөйлемнің аясын кесінітуде тұрақты тіркестердің орны ерекше екендігін ескеру қажет. Себебі олар бірнеше сөзден құралып, сол тобымен бір сұрауға жауап беріп, бір сөйлем мүшесі қызметін атқарады. Әрине бұл жерде тұрақ-

ты тіркестердің сөйлем ішіндегі қүйі сөз болуда.

Жалпы тұрақты тіркестерді сөз тіркесі, жай сөйлем, құрмалас сөйлем түрінде келеді деп оның құрылымына қарай айтқанымызben, олар сол тұрақты тіркес күйінде қалады. Біздің мақсатымыз сол тұрақты тіркестердің ішкі ерекшеліктерін ашу ғана. Сондықтан жай сөйлем және құрмалас сөйлем құрылымды есімді тұрақты тіркестерін де біз сыртқы көрінісіне қарап шартты түрде осылай қарастырамыз.

Ең алдымен сөйлем дегеніміз не, осыған анықтама берейік. Проф. Р. Әмір: «Предикативті қатынас негізінде құралып, пікірді хабарлау үшін жұмсалатын сөздер тобы сөйлем деп аталады», – деген анықтама береді [1, 50]. Олай болатын болса, предикативтіліктің негізі, яғни сөйлем жасауда негізгі қызметке ие мүше баяндауыш дейтін болсақ, сол баяндауыштың өзін қазіргі кездे есімді, етістікті және құрама баяндауышты деп бөліп жүрміз [2, 132]. Сондықтан өз жұмысымызда жай сөйлем құрылымды тұрақты тіркестер баяндауыштарының есімдерден жасалуына назар аударамыз. Яғни, ол – зат есім, сын есім, сан есім, есімдіктен болған баяндауыштар.

Есімді сөйлемдер жайында сөз еткен К.К. Онабаева баяндауыштардың таза есімдерден (зат есім, сын есім, сан есім және есімдік) ғана емес, соны-

мен қатар күрделі есімді және құрама баяндауышты болып келетіндігін айтып өткен болатын [3, 16]. Алайда мұнда есімді жай сөйлемдер қарастырылғанымен, жай сөйлем құрылымды тұрақты тіркестер жайында сөз болмайды.

Сонымен жай сөйлем құрылымды есімді тұрақты тіркестердің баяндауыштарын: – таза есімді; – күрделі есімді; – құрама баяндауышты деп бөліп қарастырамыз.

Олардың өздері зат есім, сын есім, сан есім, есімдік сөз таптарының қатысы арқылы жасалуы өз алдына жеке-жеке әнгіме болмак.

Зат есімді жай сөйлем құрылымды тұрақты тіркестер

Олар дара және күрделі тұлғада келеді.

Дара: – нөлдік тұлғалы:

Жалғызың жары құдай, құлагы тесік адам, түйенің танитыны жасырақ, қызыңызы қырық есекке жұсқ, өз басына озі жаса.

Септік тұлғада: барыс септікті – *Ажалды киік адырга*; жатыс септікті – *Ақыретте екі қолым жағаңда*; көмектес септікті – *Сабақты ине сәтімен*.

Міне, осы септік тұлғалы тұрақты тіркестерге келтірген мысалдардағы есім баяндауыштар *адырга*-барыс септік жалғауында тұрып, өзінен кейін қашады деген етістіктің тұруын қажет етсе, *жағаңда*-жатыс септік жалғауында келген, ал одан кейінгі болады сөзінің түсіріліп айтуынан жасалған, сол сияқты *сәтімен*-көмектес септік жалғауларында келіп, есімді сөйлем жасағанмен, бұл құбылыс сөз үнемдеу өсерінен қалыптасқан.

–тәуелдік жалғаулы:

Жар дегенде жалғызы. Тәуелдік жалғауының III жағының жалғауы жалғанған сын есім заттанып барып та есімді сөйлем жасайды.

Күрделі:

–күрделі есімді: ілік септік жалғаулы зат есім+тәуелдік жалғаулы зат есім – *Адамның басы Алланың добы*.

– ілік септік жалғаулы зат есім+жатыс септік жалғаулы көмекші есім:

Жаны иненің ұшында.

Сын есімді сөйлем құрылымды тұрақты тіркестер

Дара: сапалық сын есімді: *Ештен кеш жақсы, ай сүттей жарық, ай-айдың оты басқа, қонақ қойдан жуас, ағыны теріс, сөзінің торкіні жаман, бақыттың да козі соқыр, әркімнің қолы өз аузына жақын, айтылған сөз атылған оқпен тең, қалтасының түбі тесік,*

– Сапалық сын есімнен кейін сұраулық шылау-

лар келіп те есім баяндауыш жасайды: *Ат көлігің аман ба? Дымагың шақ па?*

Кейде сапалық сын есімге жүрнектар жалғанады: *Иттен де сүйек қарыздар.*

– Қатыстық сын есімді: *-дай, -дей* жүрнекты:

Айырмасы жер мен коктей, сөзі мірдің оғын-дай, екі ишігина екі кісі мінгендей. Бұл мысалда баяндауышы бірыңғай мүшелі болып келгенде, қатыстық сын есімнің жүрнағы (-дай, -дей) сонғысына жалғанады (*жер мен кок(тей)*).

-лас, -лес жүрнекты:

Айлас қатын мұңdas.

–күрделі:

Зат есім+*-ғы, -гі* жүрнекты қатыстық сын есімді: *Екі көзі су қараңғы.*

Сан есімді сөйлем құрылымды тұрақты тіркестер

Сан есімдердің тұрақты тіркесті сөйлемдер баяндауышы болуы сирек те болса кездесіп жатады. Өсіреле олар күрделі түрде жасалады.

Мәселен:

– Сан есім+сан есім түрінде келеді: *Ердің басы екі елу.*

–сан есім+зат есім түрінде келеді: *Ер қаруы бес қару.*

Бар, жоқ сөзді сөйлем құрылымды тұрақты тіркестер

Бар, жоқ сөзді сөйлемдер тілімізде жиі жұмсалатынын байқауға болады. Мысалы: *бар* сөзі арқылы:

Аузының жесілі бар, азуның даруы бар, судың да сұрауы бар, қатынның қырық жасын бар, сөзінің уиты бар, аузының салуы бар, жүргегінде оты бар, қызда қырық есекке жұсқ болатын айла бар, кедейдің жесті қаңтаруы бар, сөзінің бір кілтипаны бар, сөзінің жасын бар, өзім дегенде өгіз қара күші бар, аяғының жесілі бар, қолының «жисендігі» бар, маңдаійының бағы бар, тілінің қотыры бар, әр не қылса еркі бар. Кейде *бар, жоқ* сөздерінен кейін сұраулық шылау келіп, сөйлемді аяқтауды нақтылай түседі:

Жазған құлда жан бар ма?

—жоқ сөзі арқылы:

Бырымға ештеңе жоқ, ақтан безген ары жоқ, екі құлагынан басқа адап қарасы жоқ, басқан ізде белгі жоқ, сақтықта қорлық жоқ, инедей қиянаты жоқ, аузының дауасы жоқ, байтагынан басқа сүйенері жоқ, құдай сүйер қылығы жоқ, айтышамы жоқ, аузында ақ тісі жоқ, айла жоқ, иғілкітің ерте, кеші жоқ, қыбыр еткен жан жоқ, он екі де бір нұсқа жоқ, екі құлагынан басқа адап

қарасы **жоқ**, айналар жер **жоқ**, жеңілген елде желке **жоқ**, адап-га қарасы **жоқ**, жазмыштан озмыш **жоқ**, исі де **жоқ**, айтар сөзі **жоқ**, тіс шұқыр қылтанақ **жоқ**.

Құрмалас сөйлем құрылымды есімді тұрақты тіркестер

Алдымен есімді сөз тіркестері, соңғы жылдары есімді жай сөйлемдер мен есімді құрмалас сөйлемдер зерттеліне бастады [2; 3; 4].

Осының негізінде енді синтаксистің салаларын:

- сөз тіркесінде: есімді және етістікті сөз тіркестері;
- жай сөйлемде: есімді және етістікті жай сөйлемдер;
- құрмалас сөйлемде: есімді және етістікті құрмалас сөйлемдер деп беліп, осындағы жай және құрмалас сөйлемдердің баяндауыштарының тек есімдерден:

а) зат есім, ә) сын есім, б) сан есім, в) есімдік сөз таптарынан болуы арнайы қарастырылды.

Сонымен қатар есімді жай сөйлем мен құрмалас сөйлемдердің баяндауыштары:

а) зат есім+көмекші сөз, ә) сын есім+көмекші сөз, б) сан есім+көмекші сөз, в) есімдік+көмекші сөз түрінде келеді. Баяндауыштың бұл түрін М. Балақаев құрама баяндауыштар деп атаған. Мұндай жағдайда олардың негізгі мағыналық сынарлары зат есім, сын есім, сан есім, есімдік сөз таптары болады. Осындағы есім сөз таптары дербес мағынаға ие де, ал көмекші етістіктер оларға түйдектелу барысында шактық, жақтық мән үстейді.

Кейде зат есім, сын есім, сан есім, есімдіктерге модаль сөздер, тіпті шылауладар да түйдектеліп келуі де есімді сөйлемдердің құрайды.

Міне осыдан есімді сөз тіркестері мен сөйлемдер аздал қарастырылғандығын байқауға болады. Алайда осы кезге дейінгі ғалымдар енбектерінен тұракты тіркестердің есімді болып келуі зерттелмеген тың мәселе. Соңдықтан жай және құрмалас сөйлем құрылымды есімді тұракты тіркестерді қарастыру қажеттілігі туындаған сияқты. Жай сөйлем құрылымды есімді тұракты тіркестерге жоғарыда біршама тоқталдық. Енді құрмалас сөйлем құрылымды тұракты тіркестерге тоқталмақпаз.

Мезгілдес салалас құрмалас сөйлемдер.

Зат есімді.

— екі сынары да зат есімді:

— нөлдік тұлғалы:

Bірі күн, бірі ай. Іші – алтын, сырты – күміс.

Ай қабак, алтын кірпік. Алалы жылқы, ақтылы қой. Есіл ел, қайран жұрт. Айналасы кебір, ортасы жебір. Ақ дегені алғыс, қара дегені қарғыс. Ішкені ірің, жегені жеғім. Жағасы жайлау, төбесі

қыстау. *Іші жарау, жоны қырау.*

— тәуелдік жалғаулы:

өз үйім, өлең тосегім.

— септік жалғаулы:

— жатыс септікті:

Ұлы ойда, қызы қырда. *Қызылым қырда, жасылым жарда.* Баяғы бір заманда, дін мұсылман аманда. Айы батқан айында, күні біткен күнінде.

Сын есімді.

Сапалық сын есімді:

— екі сынары да сапалық сын есімді мезгілдес салалас сөйлемдер жиі кездеседі: *Тамақ ток, көйлек көк. Сүттен ақ, судан таза. Ел аман, жұрут тыныш. Басы аман, бауыры бүтін. Іші тұтін, сырты бүтін.*

— сын есім + сұраулық шылау:

Көңіл жүйрік пе, көк дөнен жүйрік пе?

— қатыстық сын есімді:

Кейбір мысалдарда бір сөздің құрмалас сөйлем сынарларының баяндауышы қызметінде бірнеше рет қайталанып келуі кездеседі: *Ай ортақ, күн ортақ, жаңыс ортақ.*

— лас, -лес жұрнақты:

Ауыл арас, қой қоралас. Бай бастас, батыр қандас, би құлақтас.

— дай, -дей жұрнақты:

Жер тәңгедей, аспан тебінгідей. *Жауырыны үлкен қақпақтай, айдары үлкен тоқпақтай.*

— бірінші сынары сапалық сын есімді, екінші сынары қатыстық сын есімді мезгілдес салалас сөйлемдер сирек те болса кездеседі:

Айдай таза, күндей нұрлы.

Сан есімді.

— бірінші сынары сан есім, екінші сынары сын есімді:

Құдай бір, пайғамбар хақ.

— сан есім + қатыстық сын есімді:

Дау торт бұрышты, қамиши екі ұшты.

Бар, жоқ сөзді.

— бар сөзі:

Ай десе аузы бар, күн десе көзі бар.

— жоқ сөзі:

Ай жоқ, шай жоқ. Ақай жоқ, ноқай жоқ. Қанаты бүтін сұңқар жоқ, тұяғы бүтін тұлпар жоқ. Өлі болып көрде жоқ, тірі болып төрде жоқ. Әй дейтін әжес жоқ, қой дейтін қожса жоқ.

Себептес салалас құрмалас сөйлемдер.

Зат есімді.

— бірінші сынары есімді, екінші сынары етістікі:

— құрама баяндауышты. Зат есім + көмекші етістік:

Адасқан айып емес, қайтып үйірін тапқан соң.

Жоқ сөзі.

— бірінші сыңары жоқ сөзі арқылы:

Адасқанның айыбы жоқ, қайтып үйірін тапқан соң.

Қарсылықты салалас құрмалас сөйлем.

Зат есімді. Адасқанның алды жоғон, арты соқпақ.

Сын есімді. Сідігі бір, жатыры басқа.

Сан есімді. Білгені бір тогыз, білмегені тоқсан тогыз.

Бар, жоқ сөзді. Тілге бар, дінге жоқ. Санда бар да, санатта жоқ.

Сонымен қолда бар тілдік деректерге қарағанда құрмалас сөйлем құрылымды есімді тұракты тіркестер мынадай тұлғада кездеседі екен:

— негізінен салалас құрмалас сөйлем күйінде

мол жұмсалады;

— есім сөз таптарының (зат есім, сын есім, сан есім, есімдік) барлығы келеді;

— екі сыңарының да баяндауыштары есімді болады;

— көбінесе дара күйінде қолданылады.

ӘДЕБИЕТ

1. Әмір Р., Әмірова Ж. Жай сөйлем синтаксисі. Алматы: Санат, 1998. 191 б.

2. Балакаев М. Современный казахский язык. Алматы: Изд. АН КазССР, 1959. 234 с.

3. Өңалбаева К.Қ. Қазіргі қазақ тіліндегі есімді сөйлемдер: Филол. ғыл. канд. дис. автореф. Алматы, 2002. 24 б.

4. Елікбаев Б.К. Есімді құрмалас сөйлемдер, олардың түрлері, қалыптасуы: Филол. ғыл. канд. дис. автореф. Алматы, 2005. 24 б.